

# ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ № 1 ХАТТАМАСЫ

18.09.2025 жыл

Қатысуға тиісті:

Қатысқан:

Күн тәртібі:

1. Кеңестің өткен оқу жылындағы жұмысын талдау
2. Қамқоршылық кеңестің жұмысын жетілдіру жолдарын қарастыру
3. 2025–2026 оқу жылына арналған нақты мақсаттар мен міндеттерді белгілеу

## ОТЫРЫС БАРЫСЫ

Мекеме меңгерушісі Н. Есжанова жаңа оқу жылының басталуына орай қамқоршылық кеңестің құрамын жаңарту, жұмысын жетілдіру, құрылымын нақтылау қажет екенін атап өтті. Ол кеңестің басты мақсаты – мектепке дейінгі ұйым мен ата-ана, қоғам арасында сенімді байланыс орнатып, мекеменің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету екенін түсіндірді.

2024–2025 оқу жылында атқарылған іс-шаралар сараланып, кеңестің кейбір бағыттар бойынша белсенділігі төмен болғаны, кей мәселелерге уақытылы назар аударылмағаны айтылды. Осыған байланысты жаңа оқу жылында кеңес жұмысын жүйелеу, жауапкершілікті нақты бөлісу және бақылау механизмдерін күшейту керектігі қозғалды.

Әдіскер М. Акимова кеңестің жұмысын тиімді ету үшін нақты ұсыныстар ұсынды:

- Кеңес отырыстарының жылдық кестесін бекіту;
- Әр мүшенің міндетін нақтылап, жауапкершілігін күшейту;
- Кеңестің қоғамдық тыңдаулар, сауалнамалар арқылы ата-аналар пікірін ескеру тәжірибесін енгізу.

Кеңес мүшесі М. Бабашов:

- Кеңестің жұмысына еріктілерді тарту, демеушілік жұмыстарын жүйелеу, балалардың жағдайына қатысты әлеуметтік жобаларды қолдау қажеттігін айтты.


Ата-аналар тарапынан:

- Кеңестің қаржылық және материалдық қолдауға қатысты жұмыстары жария түрде жүргізілсін деген ұсыныс айтылды;
- Кеңестің отырысына алдын ала күн тәртібі жарияланып, ата-аналардан сұрақтар мен ұсыныстар жинау жолға қойылсын.

Қыркүйек айындағы отырыста кеңес жұмысының сапасын арттыруға бағытталған нақты міндеттер қойылды. Кеңес құрамына белсенді мүшелер қосылып, жұмысты жаңаша ұйымдастыру бағытында шешімдер қабылданды. Ашықтық, есептілік және ата-анамен серіктестікті күшейту – кеңестің басты басымдығы ретінде белгіленді.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы құрамы жаңартылып, мүшелердің жауапкершілігі нақты бекітілсін.
2. Кеңес жұмысын жетілдіру бағытында келесі міндеттер айқындалсын:
  - Ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету үшін кеңес жұмысын жүйелі түрде жариялау
  - Ақпараттық бұрышты жаңарту, әлеуметтік желіде кеңес жұмысы туралы парақша жүргізу
  - Қоғамдық тыңдаулар мен ата-аналарға арналған сауалнамаларды тұрақты ұйымдастыру
3. Кеңес отырыстары тоқсан сайын өткізіліп, әр отырыс хаттамамен рәсімделіп отырсын.
4. Келесі отырыста қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.

Төрайымы:  Т. Иманбердиева  
Хатшы:  А. Жармаханова

24.12.2025 жыл

Қатысуға тиісті:

Қатысқан:

Күн тәртібі:

1. «Қамқор жүрек» қайырымдылық акциясының ұйымдастырылуы және іске асырылуы
2. Қамқорлықты қажет ететін балаларды анықтау, қажеттіліктерін саралау
3. Акция қорытындысын шығару және алдағы іс-шаралар бойынша ұсыныстар енгізу

#### ОТЫРЫС БАРЫСЫ

Мекеме меңгерушісі Н. Есжанова «Қамқор жүрек» акциясының маңыздылығын атап өтті. Бұл игі бастама мекемеде әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылды. Акция аясында балабақша ұжымы, ата-аналар және жеке демеушілердің көмегімен қажетті қысқы киім-кешектер, аяқ киімдер, жылы бас киімдер мен кеңсе құралдары жиналып, балаларға таратылғаны баяндалды.

М. Акимова әдіскер ретінде акцияны өткізу барысын баяндады:

- Тәрбиешілер тарапынан әлеуметтік жағдайы қиын отбасылар тізімі жасалып, нақты көмек қажет ететін балалар анықталды.
  - Демеушілермен байланыс орнатылып, бірлесе жұмыс жүргізілді.
  - Әр баланың жасы мен өлшеміне сәйкес заттар іріктеліп, таратылды.
  - Балалардың жүзіндегі қуаныш пен алғыс сөздер – акцияның сәтті өткенінің айғағы болды.
- Кеңес мүшесі Б. Боздақбаев пен ата-аналар комитетінің мүшелері алдағы уақытта да осындай қайырымдылық шараларын жүйелі түрде ұйымдастыруды ұсынды.

Ұсыныстар:

- Мұндай акцияны жылына екі рет өткізу (қысқы және көктемгі маусымда);
- Көмекке мұқтаж отбасылармен тығыз байланыс орнату, оларды балабақша өміріне тарту;
- Ата-аналар мен демеушілердің көмегімен қайырымдылық жәрмеңкелер ұйымдастыру;
- Қамқорлық акцияларын тек материалдық қолдау емес, рухани, психологиялық қолдаумен толықтыру (бірлескен іс-шаралар, мерекелер, ойындар өткізу арқылы).

Қаулы:

1. «Қамқор жүрек» акциясы табысты өткізілді деп танылсын.
2. Қамқорлықты қажет ететін балаларға алдағы кезеңдерде де тұрақты қолдау көрсету жалғастырылсын.
3. Қайырымдылық шараларын жүйелеу үшін арнайы жоспар жасалсын:
  - Жылына екі рет акция өткізу (қыс – желтоқсан, көктем – сәуір);
  - Жәрмеңке және рухани қолдау шараларын енгізу;
4. Демеушілерге алғыс хаттар әзірленіп, ынтымақтастық жалғастырылсын.

Төрайымы:  Т. Иманбердиева  
Хатшы:  А. Жармаханова